<question>Асқынуын анықтаңыз: 68 жастағы миокардтың жедел инфарктін басынан өткерудегі науқаста, 4 аптада кеуде қуысында ауырсыну сезімі, қызба, перикард үйкеліс шуы, ЭТЖ жоғарылауы дамыды, ЭКГ динамикада өзгеріссіз (“мелшиіп қалған” ЭКГ).
<variant> аутоиммундық асқыну – Дресслер синдромы
<variant> миокардтың жыртылуы (жүрек жарылуы)
<variant> миокардтың некроз аймағының кеңеюі
<variant> идиопатиялық перикардит
<variant> қарыншалардың жүректік хордаларының үзілуі
<question>Диагнозын анықтаңыз: ер кісі 64 жаста, жұмысындағы стрестік жағдайға байланысты ауырған, төс артын басатын интенсивті ауырсыну пайда болған. Науқас кешке жедел жәрдем шақырды. ЭКГ: V_1-V_3 тіркемелерінде R тісшесі жоқ, ST сегменті 6 мм жоғарылаған.
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, сол қарынша миокардының алдынғы-қабырғааралығының жедел инфаркті, Killip I
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақсыз күш түсу стенокардиясы
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, алғаш анықталған күштемелік стенокардия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, вазоспазмдық стенокардия

<variant> жүректің ишемиялық ауруы, сол қарынша миокардының артқы-диафрагмалық қабырғасының жедел инфаркті, Killip I
<question>Асқынуын анықтаңыз: миокард инфарктіне ұшыраған ер кісіде интенсивті ангинозды синдром, тахикардия, АҚ күрт төмендеуі, қылдай пульс.
<variant> кардиогенді шок
<variant> өкпе шемені
<variant> жүрек аневризмасы
<variant> аутоиммунды Дресслер синдромы
<variant> миокардинфарктінің рецидиві
<question>Жетекші синдромы мен дәрігер тактикасын анықтаңыз: 74 жастағы ер кісі, тыныспен байланыссыз, төс артындағы үдей түскен, сығып ауырсынуға шағымданды. Нитроглицерин қабылдау көмек етпеді.
<variant> коронарогенді кардиалгия, ЭКГ әр 15 минутта, тропонин Т
<variant> миокардтың зақымдану синдромы, Tl^{201} сцинтиграфия
<variant> коронарогенная кардиалгия, нагрузочные проба – ВЭМ
<variant> коронарогендіемес кардиалгия, ЭхоКГ
<variant> коронарогенді кардиалгия, ЭКГтәуліктік мониторлау
<question>Стенокардияның түрін анықтап, жүргізу тактикасын таңдаңыз: 67 жастағы ер кісі 2 ай бұрын төс артында 4 қабатта дамитын, нитроглицериннің 1 тб басылатын ауырсынуға байланысты Д есепке алынған. БАБ тағайындалған. Соңғы 2 күнде ауырсыну тез жүргенде дамып, нитроглицериннің 2 тб ғана басылған.
<variant> үдемелі күш түсу стенокардиясы (ЖКС), госпитализация
<variant> тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК 2, антиангиналық ем тағайындау
<variant> кардиалгия коронарлы ауруға байланысты емес, зерттеулер жүргізу керек
<variant> алғаш дамыған күш түсу стенокардиясы, госпитализация
<variant> ерекше стенокардия (Принцметалдың), нитраттар мен коринфар тағайындау
<question>Стенокардияның патогномды белгісін таңдаңыз:
<variant> төс артының сығып ауырсынуы, ЭКГ ST сегментінің 2мм және одан көп депрессиясы
<variant> тамақтанғаннан соң төс артында дамитын шаншып ауырсыну, ЭКГ өзгеріссіз
<variant> жүрек аймағының ауырсынуы, күштемеден кейінгі қарыншалық экстрасистолия
<variant> жүрек аймағының ауырсынуы, ST сегментінің 2 мм кем ауытқуы
<variant> төс артының ауырсынуы, III және aVF тіркемелеріндегі Q тісшесі
<question>Жетекші синдромдарын белгілеңіз: 78 жастағы науқас төс артындағы қысып ауырсынуға және бірінші қабатқа көтерілгенде дамитын ентігуге шағым айтты. Миокард инфарктімен ауырған. Об-ті: жүрек тондары әлсіз, жиі ЭС. ЖЖС 106 мин. АҚ 170/100 мм сын. бағ. Бауыры ұлғайған. Тропонин Т теріс. ЭКГ: сол қарыншаның алдыңғы бүйір қабырғасының тыртықты өзгерістері.
<variant> ангинальді, миокардтың тыртықтық зақымдану, ырғақ бұзылысы, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздығы
<variant> ангинальді, миокардтың қабынулық зақымдануы, артериялық гипертензия, сол қарыншалық жедел шамасыздық
<variant> ангинальді, дислипидемиялық, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздық
<variant> ангиноздық, миокардтың тыртықтық зақымдану, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздық
<variant> ангинальді, миокардтың метаболизмдік зақымдану, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздық

<question>Жетекші синдромдарының негізінде диагнозын анықтаңыз: 78 жастағы науқас төс артындағы қысып ауырсынуға және бірінші қабатқа көтерілгенде дамитын ентігуге шағым айтты. Миокард инфарктімен ауырған. Об-ті: жүрек тондары әлсіз, жиі ЭС. ЖЖС 106 мин. АҚ 170/100 мм сын. бағ. Бауыры ұлғайған. Тропонин Т теріс. ЭКГ: сол қарыншаның алдыңғы бүйір қабырғасының тыртықты өзгерістері. Жетекші синдромдары: ангинальді, миокардтың тыртықтық зақымдану, ырғақ бұзылысы, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздығы.
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК III. Басынан өткерген миокардтың инфаркті, қарыншалық ЭС. Артериялық гипертензия II дәр. Қауіп тобы өте жоғары. ЖШ III
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК III. Постмиокардиттік кардиосклероз. Артериялық гипертензия II дәр. ЖШ II
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК III. Артериялық гипертензия II дәр. ЖШ II
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың қайталанған инфаркті. Артериялық гипертензия II дәр. Сол қарыншалық жіті шамасыздық
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК II. Миокардиодистрофия II дәр. Артериялық гипертензия II дәр.ЖШ I
<question>Жүректің шамасыздығы бар миокардитке тән белгілерді таңдаңыз:
<variant> жүрек аймағының ауыруы, жүрек қағуы, инфекциялық аурудың ерте реконволесценция фазасында дамуы (бірінші аптаның соңы немесе екінші аптаның басында)
<variant> жүрек аймағының ауыруы, жүрек қағуы, инфекциялық аурудың алғашқы, дене қызуы жоғары кезінде дамуы
<variant> жүрек аймағының ауыруы, естен танулар, инфекциялық аурудың кеш реконволесценция фазасында дамуы (3 және одан көп аптадан соң)
<variant> жүрек аймағының ауыруы, асцит, инфекциялық аурудан соң бір жылдан кейін дамуы
<variant> жүрек аймағының ауыруы, құрғақ жөтел, жүрек аймағындағы шу, инфекциялық аурудың алғашқы, дене қызуы жоғары кезінде дамуы
<question>Миокардтың жедел инфарктімен дертті науқасты ұзақ уақыт қимылдатпағанда дамуы мүмкін асқынуды анықтаңыз:
<variant> тромбоэмболиялық асқынулар
<variant> брадикардия
<variant> артериялық гипертензия
<variant> жүрек шамасыздығы
<variant> жүректің систолалық көлемінің төмендеуі
<question>Дәрігерлік тактиканы шешіңіз: 65 жастағы ер кісіде базардан қайтқанда, өмірінде бірінші рет төс артында орналасқан, сол жауырынына тарайтын ауырсыну дамыды, тоқтағанда, үйіне жеткенде ауырсыну жойылды, баспалдақпен көтерілгенде қайталанды. АҚ 135/80 мм сын. бағ., пульсі 90 мин. Басқа жүйелері мен ЭКГ патология жоқ.
<variant> шұғыл госпитализацияны ұйымдастыру
<variant> анальгетиктер салу
<variant> кардиолог консультациясын ұсыну
<variant> нитраттар мен бета-адреноблокаторлар тағайындау
<variant> жоспарлы госпитализацияны ұйымдастыру
<question>Миокардтың жедел инфаркті, ангинозды статуста бірінші кезекте көрсетілген:
<variant> нитроглицерин, наркотик анальгетиктер
<variant> нитроглицерин, лидокаин

<variant> нитроглицерин, нифедипин
<variant> нитроглицерин, гепарин
<variant> нитроглицерин, аспирин
<question>Оң қарынша миокардының инфарктіне тән:
<variant> ентігу, АҚ төмендеуі, мойын веналарының томпаюы
<variant> ентігу, өкпесінде ылғалды сырылдар, бауыр ұлғаюы
<variant> диурездің азаюы, АҚ төмендеуі
<variant> жүрек ырғағының бұзылысы, өкпесінде ылғалды сырылдар
<variant> ентігу, перифериялық ісінулер
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Миокардтың жедел инфарктінде АҚ шұғыл төмендетуге қажетті таңдаулы дәрмек:
<variant> нитроглицерин
<variant> каптоприл
<variant> нифедипин (коринфар)
<variant> фуросемид
<variant> Диазоксид
<question>Компенсацияланған созылмалы өкпе текті жүрек тұжырымын жасау негіздерін белгілеңіз:
<variant> өкпелік гипертензия және оң қарынша гипертрофиясы (тоногенді)
<variant> өкпелік гипертензия және оң жүрекше гипертрофиясы
<variant> өкпелік гипертензия және оң қарынша гипертрофиясы (миогенді) және оң қарыншалық шамасыздық
<variant> оң қарынша дилятациясы және порталық гипертензия
<variant> сол жүрекше гипертрофиясы және өкпелік гипертензия
<question>Декомпенсацияланған созылмалы өкпе текті жүректе бауырда дамитын өзгерістерді белгілеңіз:
<variant> бауырдың фиброзы, порталық вена жүйесіндегі гипертензия
<variant> гепатоциттердің цитолизі, майда түйінді цирроз
<variant> созылмалы озбыр гепатит
<variant> майлы гепатоз
<variant> фульминантты гепатит
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Декомпенсацияланған созылмалы өкпе текті жүректе анықталады:
<variant> аяқ бастарының ісінуі мен бауырының ұлғаюы, тахикардия, эритроцитоз
<variant> аяқ бастарының ісінуі, плевраның үйкеліс шуы, анемия
<variant> бауырының ұлғаюы, перикардтың үйкеліс шуы, лейкоцитоз
<variant> бетінің, безінің ісінуі, анемия
<variant> кіші қанайналым шеңберіндегі іркіліс, іркілістік пневмониялар
<question>Өкпелік гипертензия емінде қолданылатын перифериялық вазодилятаторларды белгілеңіз:
<variant> кальций антагонистері, нитраттар, ААФ ингибиторлары/сартандар
<variant> кальций антагонистері, ұзақ әсерлі нитраттар, бета-адреноблокаторлар
<variant> кальций антагонистері, ұзақ әсерлі нитраттар, альфа-адреноблокаторлар
<variant> кальций антагонистері, ұзақ әсерлі нитраттар, ганглиоблокаторлар
<variant> кальций антагонистері, ұзақ әсерлі нитраттар, миотропты вазодилятаторлар
<question>Дұрыс жауабын белгілеңіз. Созылмалы өкпе текті жүректің емдік жоспары:

<variant> себепкер дертті емдеу, оттегілік ем, перифериялық вазодилятаторлар, антикоагулянттық ем, диуретиктер, жүрек гликозидтері, екіншілік эритроцитоз емі
<variant> себепкер дертті емдеу, оттегілік ем, перифериялық вазодилятаторлар, антиаггрегантты ем, диуретиктер, жүрек гликозидтері
<variant> оттегілік ем, перифериялық вазодилятаторлар, антикоагулянтты ем, диуретиктер, жүрек гликозидтері, екіншілік эритроцитоз емі
<variant> перифериялық вазодилятаторлар,оттегілік ем,жүрек гликозидтері,диуретиктер
<variant> диагноз қойылысымен өкпе-жүрек трансплантациясын іске асыру
<question>Амбулаторияның ЖДП дәрігеріне 74 жастағы қария қарыншаүстілік тахикардияның ұстамаларына шағымданып келді. Анамнезінде ЖИА, ишемиялық КМП. Сүйемелдеуші емге таңдамалы дәрмекті таңдаңыз.
<variant> кордарон
<variant> новокаинамид
<variant> эналаприл
<variant> панангин
<variant> атропин
<question>ЭКГ-мониторлық бақылаудағы науқас есінен танды. Көз қарашықтары кеңіген. Тері жамылғылары құқыл-көкшіл. Ұйқы артериясында пульсі мен тынысы жоқ. ЭКГ: хоастық, ырғақсыз, түрлі биіктіктегі толқындар пайда болды. Науқаста дамыған жағдайдың себебін таңдаңыз:
<variant> қарыншалар жыбыры (фибрилляциясы)
<variant> қарыншалар дірілі (трепетание)
<variant> қарыншалық аритмиялар
<variant> қарыншалық тахикардия
<variant> жыбыр аритмиясы
<question>АВ-блокаданың II дәрежесі, Мобитц-1 патологиясының ЭКГ белгілерін көрсетіңіз:
<variant> біртіндеп ұзарған Pq интервалы және qRS кешенінің түсіп қалуы
<variant> интервал Pq-дің ЖЖС қалыпты жағдайында 0,21 секундке дейін ұзаруы
<variant> интервал Pq-дің тұрақты ұзаруы мен qRS кешенінің түсіп қалуы
<variant> жүрекшелік Р тісшесі мен qRS арасындағы синхронды байланыстың болмауы
<variant> интервал Pq-дің әр жүректік циклде біртіндеп ұзаруы
<question>ЖДП дәрігері 78 жастағы қарияға ЭКГ мониторингін жасады: қарыншаүстілік тахикардия. ЖИА, ишемиялық КМП диагнозымен есепте тұрады. Сүйемелдеуші емге таңдамалы дәрмекті таңдаңыз.
<variant> амиодарон
<variant> новокаинамид
<variant> лидокаин
<variant> милдронат
<variant> эсмолол
<question>Дәрігерге 77 жастағы басым эмфиземалық типті өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы бар қарт келді: ентігу мен жүрегінің шалыс соғуы, аяқтарының ісінулеріне шағымданды. ЭКГ: жүрекшелер фибрилляциясы.
Осы жағдайдағы сүйемелдеуші емге дәрмекті таңдаңыз.
<variant> новокаинамид
<variant> нифедипин
<variant> конкор
<variant> пропранолол

<variant> дигоксин
<question>63 жастағы ер кісі кенет дамитын бас айналулары мен естен тануларға шағымданды. 3 жыл бұрын ревматизмдік емес миокардитті басынан өткерген. Соңғы айда аталған жағдайлар жиілеген. АҚ 110/70 мм сын. бағ., ЖЖС 57 мин. ЭКГ: Pq интервалы ұзарған, Самойлова-Венкебаха кезеңдері жүйелі. Осы науқастың нәтижелі емін таңдаңыз:
<variant> ырғақтың жасанды жүргізушісінің имплантациясы
<variant> кальций антагонистерін тұрақты қабылдау
<variant> бета-адреноблокаторларды тұрақты қабылдау
<variant> метаболизмдік дәрмектерді жүйелі қабылдау
<variant> аорталық коронарлық шунттау
<question>65 жастағы әйел 1,5 ай бұрын миокардтың инфарктін басынан өткерген. Соңғы 2 аптада жүрегінің суылдауы, басының айналуы жиі мазалайды. ЭКГ: ырғағы синусты, 78 мин., кезеңімен кеңіген, бұрыс пішінді қарыншалық кешендер тіркелген, ені 0,14 сек, компенсациялық үзілісі – толық. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:
<variant> қарыншалық ЭС
<variant> толық АВБ
<variant> жүрекшелік ЭС
<variant> қарыншалық тахикардия
<variant> қарыншаүстілік тахикардия
<question>ЭКГ жоқ кезде де жүрекшелер фибрилляциясының диагнозын тұжырымдататын объективті белгілерді таңдаңыз:
<variant> тұрақты түрінде – ырғақтың дұрыс болмауы; пульс дефицитінің нақталуы
<variant> кіші қанайналым шеңберіндегі іркілістің болуы
<variant> бауырдың ұлғаюы
<variant> аяқтарының ісінуі
<variant> кезекті бір циклдардың түсіп қалуы мен дұрыс ырғақ
<question>Жүрекшелер фибрилляциясының тұрақты түрінің емінде тромбтық асқынулардың алдын алу мақсатында келесі антикоагулянттар мен дезагрегантарды қолданады:
<variant> варфарин (МНО- 2-2,5); ацетилсалицил қышқылы 300 мг/тәу.; клопидогрель 75 мг/тәу.
<variant> альтеплаза, стрептокиназа
<variant> гепарин, фраксипарин
<variant> курантил до 300 мг/тәу., пентоксифиллин в/і тамшылатып
<variant> натрий цитраты, пиявит (порошок)
<question>Амбулаторлық кезеңде ырғақ және өткізгіштік бұзылыстарының диагнозын нақтауда қолданылатын міндетті зерттеулер:
<variant> электрокардиография, Холтерлік мониторлау, ЭхоКГ
<variant> бас мисауытының рентгенографиясы, екі проекциядағы
<variant> кеуде сарайы органдарының жалпы шолу жіне бүйірлік проекциядағы рентгенографиясы
<variant> қалқанша безінің УДЗ және тиреоидтық статусы
<variant> ультрадыбыстық допплерография (экстра –және интракраниальді тамырлардың патологиясына күдік туындағанда)
<question> Синкопенің анықтамасын таңдаңыз:
<variant> негізгі клиникалық белгісі – сананың өтпелі бұзылысымен сипатталатын, постураль тонустың төмендеуінен – құлауға жалғасатын синдром

<variant> артериялық қысымының, САҚ 140; ДАҚ 90 мм сын. бағ. және одан жоғары болуымен сипатталатын синдром
<variant> хабаршылары пайда болғаннан кейін, құрысулардың дамуымен, сананың бұзылысымен сипатталатын синдром
<variant> гипогликемия жағдайына ұшырағандықтан, сананың бұзылысымен сипатталатын синдром
<variant> жіті атаксиялық жағдаймен сипатталатын синдром
<question>66 жастағы, ЖИА, миокардтың басынан өткерген инфаркті диагнозы бар ер кісі кенет естен танды, эпилепсия тәрізді құрысулар мен кіші дәретін ұстай алмауы дамыды. Түсірілген ЭКГ: АВБ II дәр., Мобитц 2 анықталды. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:
<variant> синдромы, Морганьи-Адамс-Стокстің
<variant> синдромы, Фредериктің
<variant> синдромы, Лютембашенің
<variant> эпилепсия
<variant> ауруы, Толочинов-Роженің
<question>Екі жыл бұрын миокардтың инфарктін басынан өткерген 72 жастағы ер кісіде, физикалық күштеме кезінде жүрек қағуы, ауа жетпеу сезімі, жалпы әлсіздік дамыды, артынша есінен танды. ЭКГ: АВ түйіндік пароксизмдік тахикардия тіркелді.Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:
<variant> аритмогенді синкопе
<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<variant> аорталық шамасыздықтағы синкопе
<variant> эпилепсия
<question>70 жастағы науқаста Менкеберг ақауы бар (изоляцияланған “әктенген” қолқалық стеноз).Соңғы 2 айда бірнеше рет қысқа уақытқа естен танған. Синкопенің себебін белгілеңіз:
<variant> аорталық ақаулардағы синкопе
<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<variant> аритмиялық синкопе
<variant> эпилепсия
<question>67 жастағы әйел, соңғы 7-8 жылда жөтелгенде, күшенгенде, кейде тамақ жұтқанда дамитын қысқа уақыттық естен танулардан зардап шеккен, психологтарда, кардиологтарда тексеріліп, қабылдаған ем-тәсілдердің барлығы нәтижесіз болған. Холтерлік зерттеулерде (бірінші рет – 72 сағат; екіншісінде 7 тәулік бақыланған) жоғарыдағы себепкер физиологиялық жағдайларда синус түйінінің қысқа уақыттық тоқтауы және қысқа уақыттық толық АВБ кезегімен дамитындығы дәлелденген. Радикальді ем талап етіп отыр.Науқасқа консилиуммен естен тану (синкопе) синдромы қойылды. Науқастың естен танулары рефлекстің келесі түріне байланысты:
<variant> вагустық рефлекстерге
<variant> ортостаздық рефлексіне
<variant> мойындық вегетациялық – Абрамстың рефлексіне
<variant> клиностатикалық (clinostaticus) Даниелополудың рефлексіне
<variant> рефлексіне, Ортнердің
<question>67 жастағы ер кісіні соңғы 2-3 айда ұйқыдан соң, орнынан тұра бергенде дамитын естен танулар мазалайды, естен танған кезде терісі көгереді, қайта жатқызғанда есін жинайды. Бірнеше рет ЭКГ түсірген. Жетекші синдромдарын таңдаңыз:

<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы, сол жүрекше тромбы, синкопе
<variant> жүректің тума ақау синдромы, қарыншалық экстрасистолия, синкопе
<variant> дилятациялық кардиомегалия, жүрекшелер фибрилляциясы, синкопе
<variant> ортостаздық синкопе
<variant> вазодепрессиялық синкопе
<question>67 жастағы ер кісіні соңғы 2-3 айда ұйқыдан соң, орнынан тұра бергенде дамитын естен танулар мазалайды, естен танған кезде терісі көгереді, қайта жатқызғанда есін жинайды. Бірнеше рет ЭКГ түсірген. Синкопе механизмін таңдаңыз:
<variant> сол жүрекшеге тромб байлануы, орнынан көтерілгенде сол а/в тесікті уақытша бітеп қалуы
<variant> жүрекшелер фибрилляциясы, пульс тапшылығы
<variant> митральді стеноздың кризистік өлшемдерге жетуінен
<variant> синус түйінінің қысқа уақыттық асистолиясынан
<variant> өтпелі толық АВБ
<question>67 жастағы ер кісіні соңғы 2-3 айда ұйқыдан соң, орнынан тұра бергенде дамитын естен танулар мазалайды, естен танған кезде терісі көгереді, қайта жатқызғанда есін жинайды. Бірнеше рет ЭКГ түсірген. Диагнозын нақтайтын шешуші тәсілді таңдаңыз:
<variant> допплер-ЭхоКГ
<variant> холтер ЭКГ
<variant> кеуде сарайы органдарының жалпы шолу рентгенографиясы
<variant> ревмосынамалар
<variant> фонокардиография
<question>70 жастағы ер кісі, мойнына галстук тағып, басын бұра бергенде есінен танып қалды. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, тері жамылғылары қуқыл. АҚ 80/50 мм сын. бағ., ЖЖС 40 мин. Шұғыл түсірілген ЭКГ: ырғақ көзі синусты, ЖЖС 36 мин. Ошақты патологиялық өзгерістер жоқ. Науқас есін 1,5 мин шамасында жиды. Қайта жасалған ЭКГ: ырғағы синусты, ЖЖС 68 мин. Ошақты патология белгілері жоқ. Болжам диагнозыңыз.
<variant> каротид синусының синдромы (синдром каротидного синуса), синкопе
<variant> аритмогенді естен тану
<variant> ортостаздық естен тану
<variant> эпилепсия
<variant> обструкциялық ГКМП, синкопе
<question>69 жастағы ер кісіде соңғы 1,5 ай ішінде бірнеше рет есінен тану, құрысулардың болған. Невропатологтар қажетті зерттеулер жасап, дертінің олар тарапынан еместігін дәлелдеген.Жүрек тондары шамалы тұйық, ырғақты, ЖЖС 34 мин., жүрек ұшында мезгілімен күшейген I тон естілді. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Соңғы ЭКГ 2 ай бұрын түсірілген: ырғақ көзі синусты, АВБ II дәр., Мобитц-2; алдыңғы қабырғасының, қарыншааралық перденің, жүрек ұшының тыртықтық өзгерістері, СҚГ. Қазіргі ЭКГ: Р тісшелері өз алдына, өз жиілігінде (76 мин.); QRS кешендері өз ырғағында (34 мин) тіркелген, алдыңғы жайылма тыртық белгілері. Жетекші синдромдарын анықтаңыз:
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы (толық АВБ); миокардтың ишемиялық өзгерістер (тыртықтық сатысы) синдромы; АГ; гепатомегалия, синкопе
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы; qT интервалының ұзару синдромы; синкопе
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы, ГБСА толық блогі, синкопе
<variant> ырғақ, өткізгіштіктің күрделі бұзылысы – Фредерик синдромы, синкопе
<variant> артық салмақ (алиментарлы семіздік); миокардтың зақымдану белгілері (семіздіктегі КМП); өкпелік гипертензия; кардиомегалия (қос қарыншаның гипертрофиясы)


<question>69 жастағы ер кісіде соңғы 1,5 ай ішінде бірнеше рет есінен тану, құрысулардың болған. Жүрек тондары шамалы тұйық, ырғақты, ЖЖС 34 мин., жүрек ұшында мезгілімен күшейген I тон естілді. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Соңғы ЭКГ 2 ай бұрын түсірілген: ырғақ көзі синусты, АВБ II дәр., Мобитц-2; алдыңғы қабырғасының, қарыншааралық перденің, жүрек ұшының тыртықтық өзгерістері, СҚГ. Қазіргі ЭКГ: Р тісшелері өз алдына, өз жиілігінде (76 мин.); QRS кешендері өз ырғағында (34 мин) тіркелген. Алдыңғы жайылма тыртық белгілері. Болжам диагнозын анықтаңыз:
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың басынан өткерген инфаркті. Асқ: толық АВБ, МАС синдромы. Конк: Артериялық гипертензия II дәр, өте жоғары қауіп тобы (СҚГ, ЖИА)
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың басынан өткерген инфаркті. Асқ: Синкопе. Конк: Артериялық гипертензия II дәр, өте жоғары қауіп тобы (СҚГ, ЖИА)
<variant> тума – qT интервалының ұзару синдромы; синкопе
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік. Асқ.: Өкпе артериясы орта тармақтарының тромбэмболиясы. Инфаркті пневмония. Синкопе
<variant> генерализацияланған тонустық-клонустық құрысулармен эпилепсия
<question>69 жастағы ер кісіде соңғы 1,5 ай ішінде бірнеше рет есінен тану, құрысулардың болған. Жүрек тондары шамалы тұйық, ырғақты, ЖЖС 34 мин., жүрек ұшында мезгілімен күшейген I тон естілді. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Соңғы ЭКГ 2 ай бұрын түсірілген: ырғақ көзі синусты, АВБ II дәр., Мобитц-2; алдыңғы қабырғасының, қарыншааралық перденің, жүрек ұшының тыртықтық өзгерістері, СҚГ. Қазіргі ЭКГ: Р тісшелері өз алдына, өз жиілігінде (76 мин.); QRS кешендері өз ырғағында (34 мин) тіркелген. Алдыңғы жайылма тыртық белгілері. Естен тануды болдырмайтын емдік шараны таңдаңыз:
<variant> тұрақты электрокардиостимулятор орнату
<variant> қажеттілігіне қарай (de mand)ЭКС орнату
<variant> антиангиналық дәрмектермен тұрақты емдеу
<variant> антигипертензиялық дәрмектермен жүйелі ем
<variant> антиаггреганттармен жүйелі ем
<question>64 жастағы әйелде соңғы 2 аптада бірнеше рет естен танулар болған. Анамнезінен: 37 жасынан аяғының терең веналарының варикозды кеңеюлері бар. 45-46 жасынан жүрек шамасыздығы тұрақталып, 2-3 дәрмектерді қабылдайды (периндоприл, гипотиазид, кардиомагнил). Об-ті: перифериялық ісінулер тобығына дейін. Бойы 168см; салмағы 96кг. Өкпесінде везикулалық тыныс, оң өкпесінің ортаңғы бөлігінің үстінде тыныс әлсіреген, крепитациялар естіледі. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, ЖЖС 102 мин., сол II қ/а II тонның айқын акценті. АҚ 135/85 мм сын. бағ. Бауырының Курловпен өлшемдері 14х11х9см. ЭКГ: ырғағы синусты, 104 мин., ЖЭӨ солға ығысқан. Тісшелерінің вольтажы төмен. Қос қарынша гипертрофиясының белгілері. Жетекші синдромдарын анықтаңыз:
<variant> артық салмақ; миокардтың зақымдану белгілері (семіздіктегі КМП); өкпелік гипертензия; кардиомегалия; өкпе тінінің тығыздалу синдромы; веналардың варикозды кеңеюі; синкопе, ЖШ
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы (толық АВБ); миокардтың ишемиялық өзгерістер – тыртықтық сатысы – синдромы; АГ; гепатомегалия, синкопе
<variant> өткізгіштіктің бұзылу синдромы; qT интервалының ұзару синдромы; синкопе
<variant> артериялық гипертензия синдромы, миокардтың зақымдану синдромы, артық салмақ, синкопе
<variant> артық салмақ, веналардың варикозды кеңеюі; синкопе,өкпе тінінің тығыздалу синдромы

<question>64 жастағы әйелде соңғы 2 аптада бірнеше рет естен танулар болған. Анамнезінен: 37 жасынан аяғының терең веналарының варикозды кеңеюлері бар, ем қабылдамаған. 45-46 жасынан жүрек шамасыздығы тұрақталып, 2-3 дәрмектерді қабылдайды (периндоприл, гипотиазид, кардиомагнил). Об-ті: перифериялық ісінулер тобығына дейін. Бойы 168см; салмағы 96кг. Өкпесінде везикулалық тыныс, оң өкпесінің ортаңғы бөлігінің үстінде тыныс әлсіреген, крепитациялар естіледі. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, ЖЖС 102 мин., сол II қ/а II тонның айқын акценті. АҚ 135/85 мм сын. бағ. Кеуде сарайы органдарының екі проекциядағы рентгенограммасында: өкпе түбірінің оң жақта кеңеюі, ортаңғы бөлігінде периинфаркті пневмония белгілері. Диагнозын нақтаңыз:
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік. Асқ.: Өкпе артериясы орта тармақтарының тромбэмболиясы. Инфаркті пневмония. Синкопе
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік III дәр. Асқ.: Синкопе
<variant> метаболизмдік кардиомиопатия. ЖШФК$_{II}$. Фон: Алиментарлы семіздік III дәр. Асқ.: Дәрмектік синкопе
<variant> жүйелі атеросклероз. Аорта атеросклерозы. Аорта қақпақтарының шамасыздығы. Синкопе. Фон: Алиментарлы семіздік
<variant> ауруханадан тыс пневмония, оң өкпенің орта бөлігінің. Асқ.: инфекциялық-токсиндік шок
<question>Жүректің созылмалы шамасыздығының себебін анықтаңыз: 67 жастағы өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы бар науқаста тыныш күйдегі ентігу, диффузды цианоз, бауырының ұлғаюы, аяқ бастарында ісіну анықталды.
<variant> декомпенсацияланған өкпе текті жүрек
<variant> бронхтық астма, тыныс шамасыздығы I дәрежелі
<variant> бронхтық астма, тыныс шамасыздығы II дәрежелі
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, ишемиялық КМП
<variant> компенсацияланған өкпе текті жүрек
<question>68 жастағы аяқ веналарының варикозды кеңеюімен сырқатты, әйел адамда оң қарыншалық жедел шамасыздық клиникасы дамыды. Шағымдары: кенеттен төс артында ауырсыну, тұншығу ұстамасы, оң жақ ортаңғы өкпе алаңы проекциясында ысқырықты сырылдар пайда болды. ЭКГ: бірінші стандартты тіркемеде терең S тісшесі және үшінші стандартты тіркемеде терең Q тісшесі (S_I; Q_{III}) тіркелген. Жетекші симптомын, синдромын, болжам диагнозын таңдаңыз:
<variant> тұншығу, прекардиаль аймақтың ауырсынуы, өкпе артериясының тромбоэмболиясы,оң қарыншалық жедел шамасыздық
<variant> коронарогенді кардиалгия (ангинозды статус), миокардтың инфакті, оң қарыншалық жедел шамасыздық
<variant> плевра қуысына ауа жиналу синдромы, спонтанды пневмоторакс, оң қарыншалық жедел шамасыздық
<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, бронхтық астма, оң қарыншалық жедел шамасыздық
<variant> өкпенің тығыздалу синдромы, ошақты пневмония, оң қарыншалық жедел шамасыздық
<question>64 жастағы, мерез ауруынан 49 жасында емделген, ер кісіде соңғы бір жыл барысында бас ауруы, ентігу дамыды. Об-ті: оң екінші қ/а II тонның әлсіреуі мен диастолалық шу естілді; АҚ 160/40 мм сын. бағ. ЭКГ сол қарынша гипертрофиясы. ЖШ себебі болған, жүре дамыған ақауды анықтаңыз:

<variant> аорталық қапақтардың шамасыздығы
<variant> митральді қапақтардың шамасыздығы
<variant> үшжармалы қапақтардың шамасыздығы
<variant> сол аорталық тесіктің стенозы
<variant> аорта сағасының стенозы
<question>70 жастағы миокардтың жедел инфаркті бар науқас, кардиология бөлімінде ем алуда. Кенет сол қарыншалық жедел шамасыздық пен жүрек ұшында голосистолалық шудың қатар дамуы тән:
<variant> емізікше бұлшық еттің жұлынуына
<variant> қарыншааралық перденің жарылуына
<variant> аорта аневризмасында қабырғасының ажырауына
<variant> сол қарынша аневризмасында
<variant> өкпе артериясының эмболиясында
<question>71 жастағы ер кісінің шағымдары: ауа жетпеу сезімінің тұншығуға дейін ауырлауы, көбікті қақырықпен жөтел. Об-ті: ортопноэ, сырылды тыныс (клокочущее дыхание), түрлі калибрлі сырылдар. ТЖ 30 мин. Жүрек тондары тұйық, ырғақты, ЖЖС 100 мин., АҚ 110/70 мм сын. бағ. ЭКГ: V1-V4 QR, ST сегменті Т тісшесіне қосыла доғаланып, жоғарылаған. Диагнозын болжаңыз.
<variant> миокардтың ірі ошақты инфаркті, сол қарыншаның алдыңғы-ұшының, жедел кезеңі, сол қарыншалық жедел шамасыздық, өкпе шеменімен асынған
<variant> миокардтың жедел ірі ошақтыинфаркті, сол қарыншаның артқы-диафрагмалық қабырғасының
<variant> миокардтың жедел трансмуральинфаркті, сол қарыншаның алдыңғы қабырғасының, кардиогенді шок
<variant> миокардтың жедел майда ошақты инфаркті
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы
<question>Миокардтың инфарктіне тән өзгерістердің II, III, AVF тіркемелерінде дамуында, мына орналасу туралы тұжырымдаймыз:
<variant> миокардтың артқы (төменгі) инфаркті
<variant> миокардтың алдыңғы инфаркті
<variant> қарыншааралық перде инфаркті
<variant> жүрек ұшының инфаркті
<variant> артқы-базаль (нағыз артқы) инфаркті
<question>Миокардтың инфарктіне тән өзгерістердің I, AVL, V_1, V_2 тіркемелерінде дамуында, мына орналасу туралы тұжырымдаймыз:
<variant> миокардтың алдыңғы инфаркті
<variant> қарыншааралық перде инфаркті
<variant> жүрек ұшының инфаркті
<variant> бүйір қабырғасының инфаркті
<variant> миокардтың артқы (төменгі) инфаркті
<question>Миокардтың инфарктіне тән өзгерістердің V_3 тіркемесінде дамуында, мына орналасу туралы тұжырымдаймыз:
<variant> қарыншааралық перде инфаркті
<variant> миокардтың артқы (төменгі) инфаркті
<variant> миокардтың алдыңғы инфаркті
<variant> қарыншааралық перде инфаркті
<variant> жүрек ұшының инфаркті

<question>Миокардтың инфарктіне тән өзгерістердің V_4 тіркемесінде дамуында, мына орналасу туралы тұжырымдаймыз:
<variant> жүрек ұшының инфаркті
<variant> қарыншааралық перде инфаркті
<variant> миокардтың артқы (төменгі) инфаркті
<variant> миокардтың алдыңғы инфаркті
<variant> қарыншааралық перде инфаркті
<question>Миокардтың инфарктіне тән өзгерістердің $V_{5,6}$ тіркемесінде дамуында, мына орналасу туралы тұжырымдаймыз:
<variant> бүйір қабырғасының инфаркті
<variant> миокардтың алдыңғы инфаркті
<variant> миокардтың артқы (төменгі) инфаркті
<variant> қарыншааралық перде инфаркті
<variant> жүрек ұшының инфаркті
<question>Миокардтың ауырсынусыз ишемиясына тән дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз:
<variant> екі тәуліктік ЭКГ мониторлауда анықталады
<variant> миокардтың инфаркті жіне/немес стенокардиясы жоқ адамдарда болмайды
<variant> миокардтың ауырсынулы ишемиясына қарағанда қауіпсіздеу
<variant> тек нитраттармен емделеді
<variant> стенокардия дамығанға дейін емді қажет етпейді
<question>72 жастағы ер кісі эпигастрий аймағының ауырсынуына, әлсіздікке шағымданды. Бұған дейін ішінің жүрегінің ауыруы мазаламаған. ЭКГ: III, AVF Q тісшесі мен ST сегментінің изосызықтан доғалана жоғарылауы, биік Т тісшесіне жалғасқан, ST V_1-V_3 тіркемелерінде изосызықтан төмен. Сіздің тұжырымыңыз:
<variant> сол қарыншаның төменгі қабырғасының инфаркті
<variant> сол қарыншаның алдыңғы қабырғасының инфаркті
<variant> диафрагманың өңештік тесігінің жарығы, жарығының қысылуы (ущемление)
<variant> гипертрофиялық КМП
<variant> миокардтың инфарктін басынан өткерген
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Миокардтың жедел трансмурлік инфарктінің ЭКГ негізгі белгісіне жатады:
<variant> екі және одан көп тіркемелерде QS кешенінің пайда болуы
<variant> бірнеше тіркемелерде ST сегментінің жоғарылауы
<variant> бірнеше тіркемелерде ST сегментінің депрессиясы
<variant> блокаданың Гис шрғырының сол аяғында дамуы
<variant> жүрек ырғағының бұзылуы
<question>Қатесін табыңыз. Вольф-Паркинсон-Уайт синдромының ЭКГ белгілеріне жатады:
<variant> бірнеше тіркемелерде QS кешенінің пайда болуы
<variant> кешен qRS-тің ені 0,10 с көп болса
<variant> интервал Pq-дің ұзақтығы 0,11с кем болса
<variant> дельта-толқындар қарыншалық кешендердің басында тіркелсе
<variant> ST сегментінің ауытқуы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Фредерик синдромының ЭКГ белгілерін таңдаңыз:
<variant> жүрекшелердің дірілі не жыбыры+толық АВБ
<variant> қарыншалардың ырғақсыз ритмі
<variant> жүрекшелердің дірілі не жыбыры+солқарыншалық ЭС
<variant> жүрекшелердің дірілі не жыбыры+Гис шоғыры САТБ


<variant> жүрекшелердің дірілі не жыбыры+оң қарыншалықЭС
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Синус түйінінің әлсіздік синдромының (СТӘС – СССУ) ЭКГ ең тән белгілеріне жатады: 1) ырғақ көзінің миграциясы 2) тахи-брадикардия – Шорт синдромы 3) Р тісшесінің болмау 4) АВБ II дәр. болуы
<variant> дұрысы – 1,2
<variant> дұрысы – 1,3
<variant> дұрысы – 1,4
<variant> дұрысы – 2,4
<variant> дұрысы – 3,4
<question>ЭКГ оқып, дұрыс тұжырымды таңдаңыз:




<variant> Фредерик синдромы
<variant> WPW синдромы
<variant> CLC синдромы
<variant> Велленс синдромы
<variant> синус түйінінің әлсіздік синдромы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Фредерик синдромының ЭКГ белгілеріне қатысы жоқ:
<variant> бірдей R-R интервалдары, ЖЖС 150 және одан жоғары
<variant> жоқ Р тісшелерінің орнына жыбырдың (f) немесе дірілдің (F) толқындары тіркеледі
<variant> ырғақтың көзі синустық емес (эктопиялық): түйіндік немесе қарыншалық
<variant> интервалдар – R-R бірдей (ырғағы дұрыс)
<variant> қарыншалар жиырылуы минутына 40-60 аспайды
<question>ЭКГ интерпретациясы:




<variant> жүрекшелердің жыбыры
<variant> жылдамдаған идиовентрикулдік (қарыншалық) ырғақ
<variant> қарыншалардың жыбыры
<variant> қарыншаүстілік пароксизмдік тахикардия
<variant> синустық ырғақ
<question>ЭКГ-ны оқып, дұрыс тұжырымды (интерпретациясын) таңдаңыз:




<variant> қарыншалардың жыбыры
<variant> жүрекшелердің жыбыры
<variant> жылдамдаған идиовентрикулдік (қарыншалық) ырғақ
<variant> қарыншаүстілік пароксизмдік тахикардия
<variant> қарыншалықэкстрасистолалар
<question>ЭКГ-ны оқып, дұрыс тұжырымды (интерпретациясын) таңдаңыз:



<variant> қарыншалықэкстрасистолалар
<variant> қарыншалардың жыбыры
<variant> жүрекшелердің жыбыры
<variant> жылдамдаған идиовентрикулдік (қарыншалық) ырғақ
<variant> қарыншаүстілік пароксизмдік тахикардия
<question>ЭКГ-ны оқып, дұрыс тұжырымды (интерпретациясын) таңдаңыз:



<variant> атри-вентрикулдік блок 3дәр. (толық АВБ)
<variant> атри-вентрикулдік блок 2 дәр., Мобитц II
<variant> атри-вентрикулдік блок 2 дәр., Мобитц I
<variant> синус-аурикулдік блок
<variant> атри-вентрикулдік блок 1 дәр.
<question> 65 жастағы пациентте төс артының, сол қолына тарйтын, күшті, сығып ауырсынуы 45 мин созылған, нитроглицерин нәтиже бермеген. ЭКГ: ST сегменті доғалана жоғарылап, Т тісшесіне жалғасқан; реципрок тіркемелерде ST сегментінің депрессиясы. Сіздің болжам диагнозыңыз:



<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың жіті инфаркті, аса өткір кезеңі
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың жіті инфаркті, өткір кезеңі
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың жіті инфаркті, өткірлеу кезеңі
<variant> қарыншалардың ерте реполяризациясиндромы
<variant> гипертрофиялық кардиомиопатия, стенокардиясиндромы
<question>Жүрек шамасыздығының I-II ФК және миокард инфарктін басынан өткерген, 68 жастағы науқастың жүрекшелік жыбырына (4 жыл аралығында тұрақты түрде) байланысты дәрігердің тактикасын бағалаңыз:
<variant> бета-адреноблокаторларды қоса тағайындауда жүрекшелер жыбырының нормосистолалық түріне жеткізу
<variant> стационар жағдайында (хинидин дәрілік заты немесе ЭИТ көмегімен) жүрекшелер жыбырын синусты ырғаққа ауыстыру
<variant> синусты ырғақты қалыптастыру үшін ритмилен немесе изоптин препараттарымен (немесе соларға ұқсас дәрілік заттармен) профилактикалық ем жүргізу
<variant> орынды тұрақты электрокардиостимуляцияға ауыстыру
<variant> бұндай науқастарға тұрақты терапия қажет емес

<question>Шешім қабылдаңыз: науқаста жүректің жиі соғу ұстамасы пайда болды (минутына 160 рет), дәрігер каротид синусына массаж жасап ұстаманы басты. Бұл ұстаманың себебі:
<variant> пароксизмдік қарыншаүстілік тахикардия
<variant> синусты тахикардия
<variant> пароксизмдік жүрекшелер жыбыры
<variant> пароксизмдік жүрекшелер дірілі
<variant> пароксизмдік қарыншалық тахикардия
<question>Клиникалық ситуацияны бағалап, диагнозын болжаңыз: аймақтық дәрігерге 68 жастағы науқас келесі шағымдармен келді: жүректің қатты соғуы, жүректің «тоқтап қалуы» сезімінің болуы, ентігуі, басының айналуы, әлсіздік. Анамнезінде – 2 жыл бұрын миокард инфарктын басынан өткерген. Аускультацияда: жүрек тондары әлсіз, брадикардия, пульсі 40-42 рет мин, АҚ 160/80 мм сын.бағ. ЭКГ айқын көрінетін синусты брадикардия 40 рет мин. Брадикардия атропин препаратын енгізгеннен кейін де сақталған. Ортостатикалық сынамада ырғақтың жиілеуі болмады. Науқаста қандай асқынуы пайда болды?
<variant> атриовентрикулярная блокада 3 степени
<variant> синусты аритмия
<variant> Атривентрикулдік блокаданың 1 дәрежесі
<variant> Атривентрикулдік блокаданың 2 дәрежесі
<variant> экстрасистолия
<question>Науқас жағдайын саралаңыз: 65 жастағы науқас, дәрігердің қабылдауына физикалық күш түскенде төс артының қысып (сыздап) ауырсынуына, ауырсынудың сол қолға берілуіне, ауырсынудың нитроглицерин қабылдауымен басылуына, жүректің қатты, дүрсілдеп соғуына шағымданып келді. Анамнезінде 20 жыл көлемінде артериялық гипертензиямен ауырады, максимальді 200/100 мм сын.бағ. дейін жоғарылайды. Соңғы жылдары верапамил препаратын тәулігіне 240 мг қабылдап жүрген. ЭКГ PQ интервалының 0,24 сек. Науқаста келесі асқынуы дамыды:
<variant> Атривентрикулдік блокаданың I дәрежесі
<variant> гис будасының сол аяқшасының толық блокадасы
<variant> гис будасының оң аяқшасының толық емес блокадасы
<variant> гис будасының оң аяқшасының толық блокадасы
<variant> синоатриалық блокада
<question>Науқаста Атривентрикулдік блокаданың Ш дәрежесі және естен тану ұстамалары бар. Ең тиімді емдеу жолын таңдаңыз.
<variant> хирургиялық емге жолдама беру- электрокардиостимулятор (ЭКС) имплантациясы
<variant> бірінші орындағы аритмияға қарсы препаратты тағайындау
<variant> бірлескен аритмияға қарсы препараттарды тағайындау
<variant> жүрек бұлшық етінің зат алмасу процесін жақсартатын препараттарды тағайындау
<variant> физиотерапияны тағайындау
<question>Тұрақты электрокардиостимуляция жүргізу көрсетпесін анықтаңыз:
<variant> синусты брадикардия 44-42 рет мин
<variant> морганьи-Адамс-Стокс ұстамалары
<variant> Атривентрикулдік блокаданың I дәрежесі
<variant> гис будасының сол аяқшасының толық блокадасы
<variant> гис будасының оң аяқшасының толық блокадасы
<question>Дұрыс тұжырым жасаңыз: ырғақтың сиреуі (ЖСС 40 рет немесе одан да төмен минутына), Морганьи - Эдемс – Стокс ұстамалары бар.
<variant> толық Атривентрикулдікблокада

<variant> Атривентрикулдікблокаданың I дәрежесі
<variant> гис будасының сол аяқшасының толық блокадасы
<variant> қарыншалық экстрасистолия
<variant> жүрекшеаралық блокада
<question>Миокард инфарктының жедел кезеңіндегі жиі қарыншалық экстрасистолияда қолданылатын препаратты таңдаңыз:
<variant> лидокаин
<variant> новокаинамид
<variant> кордарон
<variant> β-блокаторлар
<variant> жүрек гликозидтері
<question>73 жастағы әйел, аймақтық дәрігерге ентігуге, жүрек тұсында жайсыз сезімінің болуына, эпизодты түрде жүректің қатты соғуына шағымданып келді. АҚ 154/80 мм сын.бағ. ЖЖЖ 82 мин. ЭКГ сол қарыншаның гипертрофиясы. Тәуліктік мониторлауда ЭКГ: орта ЖЖЖ 78 рет мин, (минималді-58, максималді-147) ST сегментінде анық ишемиялық өзгерістер жоқ. Мониторлау барысында жиі кезең,і топтық қарыншаүстілік экстрасистолия тіркелді. Осыған байланысты 4 эпизодты қысқа жүрекшелер жыбырының пароксизмі анықталды. Емдеу тактикасын ұйымдастырыңыз:
<variant> 5 мг эналаприл және 25 мг гипотиазидке дилтиазем қосылды
<variant> эналаприлдің мөлшерін 10 мг көтеру + 25 мг гипотиазид
<variant> 5 мг эналаприл және 25 мг гипотиазидке 5 мг/тәу бисопролол қосылды
<variant> 5 мг эналаприл және 25 мг гипотиазидпен жүргізілген терапия өзгеріссіз
<variant> 5 мг эналаприл және 25 мг гипотиазидке седативті дәрмек (назепам) қосылды
<question>70 жастағы науқас кеуде қуысындағы түсініксіз дискомфортқа, ауа жетіспеу сезіміне, төменгі иегіндегі ауыру сезіміне, жүрегінің шалыс соғуына шағымданады. Анамнезінен: 60 жасында сол жауырынға, сол иыққа берілетін жүрек тұсында қысып ауыру сезімі алғаш рет пайда болғаны анықталды. Аурудың алғашында кеуде артында ауыру сезімі сирек (жылына 1-2 рет) болатын, соңғы екі жылда өте жиіледі. Медициналық көмек алмады. Объективті: Жүрек шекаралары солға 2 см үлкейген, қантамыр шоғырының ені 9 см, жүрек тондары тұйықталған, ЖСС 90 рет минутына, 20-25 соққыдан кейін экстрасистолалармен үзіледі. АҚҚ 150/90 мм.с.б., дене қызуы 37,2С. ЖҚА-де: шамалы лейкоцитоз аздап солға ығысқан. ЭКГ-да: I, AVL,V4,5,6 әкетулерде ST сегментінің изолиниядан жоғарылауы, AVL, V4,5,6 сегменттерінде T тісшесі теріс. Сіздің диагнозыңыз?
<variant> Жедел коронарлы синдром
<variant> ЖИА. Тұрақты стенокардия
<variant> ЖИА. Ірі ошақты миокард инфаркты
<variant> ЖИА. Үдемелі стенокардия
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы
<question>70 жастағы науқаста оң қарыншалық тип бойынша тотальды жүрек жетіспеушілігінің IIБ (Мясников жіктемесімен) сатысы (аяқтарында ісінулер, бауыры үлкейген, өкпесінде іркілу). Жүрек шекаралары көлденең үлкейген. Жүрек ұшында I тон сақталған, жүрек ұшында үштік ритм, өкпе артериясында II тонның акценті және жарылуы, жүрек ұшында систолалық шу. Сіздің диагнозыңыз.
<variant> Жүректің ревматизмдік ақауы
<variant> ЖИА
<variant> өкпелік жүрек
<variant> миокардиодистрофия

<variant> кардиомиопатия
<question>70 жастағы науқаста оң қарыншалық тип бойынша тотальды жүрек жетіспеушілігінің IIБ (Мясников жіктемесімен) сатысы (аяқтарында ісінулер, бауыры үлкейген, өкпесінде іркілу). Жүрек шекаралары көлденең үлкейген. Жүрек ұшында I тон сақталған, жүрек ұшында үштік ритм, өкпе артериясында II тонның акценті және жарылуы, жүрек ұшында систолалық шу.Диагнозды дәлелдейтін қосымша зерттеу –
<variant> ЭхоКГ
<variant> рентгенография
<variant> ЭКГ
<variant> аортография
<variant> коронарография
<question>72 жастағы ер адам жүрек соғу сезіміне, жүрек тұсындағы дискомфортқа, әлсіздікке, қорқу сезіміне шағымданып келді. Объективті: пульсі 180 рет минутына, АҚҚ 100/70 ммсын.бағ. Жүрек тондары өзгермеген. Каротидті синусты басқанда жүрек соғу жиілігі 90 рет минутына жетті.Сіздің диагнозыңыз.
<variant> қарыншаүстілік пароксизмдік тахикардия
<variant> жүрекшенің тыпыры
<variant> синусты аритмия
<variant> жүрекшенің жыбыры
<variant> қарыншалық пароксизмдік тахикардия
<question>72 жастағы ер адам жүрек соғу сезіміне, жүрек тұсындағы дискомфортқа, әлсіздікке, қорқу сезіміне шағымданып келді. Объективті: пульсі 180 рет минутына, АҚҚ 100/70 мм сын. бағ. Жүрек тондары өзгермеген. Каротидті синусты басқанда жүрек соғу жиілігі 90 рет минутына жетті. Вагустық сынамаларға жатпайды:
<variant> Геймлих сынамасы
<variant> Каротидті синусты басу сынамасы
<variant> Құсуды шақыру сынамасы
<variant> Вальсальв сынамасы
<variant> Көз алмасын басу сынамасы
<question>72 жастағы ер адам жүрек соғу сезіміне, жүрек тұсындағы дискомфортқа, әлсіздікке, қорқу сезіміне шағымданып келді. Объективті: пульсі 180 рет минутына, АҚҚ 100/70 мм сын. бағ. Жүрек тондары өзгермеген. Каротидті синусты басқанда жүрек соғу жиілігі 90 рет минутына жетті. Қолданатын медикаменттерге жатады:
<variant> АТФ
<variant> дигиталис
<variant> аминофиллин
<variant> эфедрин
<variant> атропин
<question>72 жастағы ер адам жүрек соғу сезіміне, жүрек тұсындағы дискомфортқа, әлсіздікке, қорқу сезіміне шағымданып келді. ӨСОА сырқат, серетид қабылдайды. Объективті: пульсі 180 минутына, АҚҚ 100/70 мм сын. бағ. Жүрек тондары өзгермеген. Каротидті синусты басу жүрек соғу жиілігін өзгертпеді. Пароксизм ұстамасы кезінде қолдануға ұсынылған дәрмектерді таңдаңыз:
<variant> верапамил немесе кордарон
<variant> пропранолол, атенолол, верапамил
<variant> лидокаин, соталол, аймалин
<variant> верапамил, дильтиазем, метопролол

<variant> дигоксин, верапамил, надолол
<question>63 жастағы науқастың анамнезінен: жағдайының нашарлауы бір жыл бойы - жалпы әлсіздік, ентігу, жүрек тұсында сыздап, тұйық ауыру сезімі біртіндеп басталған. Бір ай бұрын күш түскенде басының айналуы, 3 рет синкопе болған. Объективті көріністе көңіл аударатын жағдай: бозғылт, мойын веналары ісінген, горизонталь жағдайда бетінің түсінің өзгеруі, кардиомегалия, жүрек тондары әлсіз, жиі жұмсақ пульс, гепатомегалия. Төменвольтажды ЭКГ. Өкпесінде везикулалық тыныс. Болжам диагнозыңыз.
<variant> экссудатты перикардит жүрек тампонадасымен қауіпті
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы. ФК III
<variant> миокард инфаркті
<variant> экссудатты плеврит
<variant> бас миының ісігі
<question>65 жастағы ер адам көп жыл бойы АГ, стенокардиямен, созылмалы обструкциялық бронхитпен ауырады, кенеттен екі иыққа, жауырынға берілетін төс сүйегінің жоғарғы бөлігінде басып ауыру сезімі, қысқа уақытқа есінен тану (секундқа), кеудесінде қысу сезімі пайда болды. Зерттегенде - ритмі дұрыс, тондары сақталған. АҚҚ 120/70 мм сын .бағ., өкпесінде құрғақ шашыраңқы сырылдар. Нитроглицеринді қабылдау жеңілдік әкелмеді. Сіздің диагнозыңыз.
<variant> аневризма аневризманың диссекциясы
<variant> бронх демікпесі
<variant> миокард инфаркты, өкпе ісігімен асқынған
<variant> миокард инфаркты, кардиогенді шокпен асқынған
<variant> өкпе артерияларының тромбоэмболиясы
<question>81 жастағы науқас жыбыр тахиаритмиясының фонында қанайналымның айқын декомпенсациясымен (ЖШ ФК III NYHA) қаралды. Қай дәрмекті қолданасыз?
<variant> дигоксин
<variant> анаприлин
<variant> верапамил
<variant> новокаинамид
<variant> этмозин
<question>76 жастағы науқасты стенокардия ұстамасының фонында жыбыр аритмияның пароксизмі мазалайды. Бірнеше жыл бұрын миокард инфарктімен ауырған. Жоспарлы ем таңдаңыз.
<variant> БАБ ұзақ әсерлі, нитраттар ұзақ әсерлі
<variant> дигоксин, нитраттар ұзақ әсерлі
<variant> новокаинамид, нитраттар ұзақ әсерлі
<variant> электрокардиостимуляция
<variant> БАБ қысқа әсерлі, нитраттар ұзақ әсерлі